




«ЭКСПО-2017
«БОЛАШАҚТЫҢ
ЭНЕРГИЯСЫ»
КӨРМЕСІ



Экспо 2017 — 2017 жылдың 10 шілдесінен бастап 10 қыркүйегіне дейін Қазақстанның елордасы Астана қаласында Халықаралық Көрмелер Бюросымен (ХКБ) ұйымдастырылатын Халықаралық көрме.



Экспо 2017 иесі 2012 жылдың 22 қарашасында Францияның астанасы Париж қаласында ХКБ-нің ЕХРО халықаралық бюросы Бас ассамблеясының 152-ші сессиясы барысында белгілі болды. Жасырын дауыс беру қорытындысы бойынша Астана үшін ХКБ-ның 103 мүше-мелмекеті дауыс берген, ал бельгиялық Льеж қаласы 44 дауыс жинады.



Экспо-2017 көрмесін өткізуге ниет білдірген, бірақ мәлімдемесін уақытында тапсырмаған қалалар:

- Ньюкастл




- Белград



- Лилль



- Ставангер




- Сидней



- Саламанка






2011 жылдың 10 маусымында Париждегі Халықаралық көрмелер бюросының штаб-пәтерінде ЕХРО-2017 жобасының ұлттық үйлестірушісі, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің жауапты хатшысы Рапиль Жошыбаев ХКБ-нің Бас хатшысы Винсенте Гонсалес Лоссерталеспен кездесті. Кездесу барысында Рапиль Жошыбаев ҚР Премьер-Министрі қол қойылған Қазақстан Республикасының ресми өтінішін тапсырды.



Жалпы ауданы 24 мың ш. м. сфера тәріздес Қазақстан павильоны «EXPO-2017» көрмесінің нышанына айналмақ. Ол көрме қалашығының орталығында орналасады, ал айналасында халықаралық, тақырыптық және корпоративтік павильондар болады.

Айта кетейік, ЭКСПО-2017 нысандары 2014 жылдан бастап салынады.



Көрме орталығы астананың оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасады. Жалпы ауданы 113 га құрайды, олардың ішінде 25 га – бұл кешен, ал өзге бөлігі автотұрақтар мен сыртқы орналасуға арналады. Көрмеге қатысушылар үшін 1 050 пәтерден тұратын «EXPO»-қалашығы салынады. Бұл тұрғын үй кешені бұдан кейін Астана қаласының тұрғын үй қорына өтеді. 15 бес жұлдызды және 28 үш – төрт жұлдызды қонақ үйлер салу жоспарланып отыр. Астананың әуежайына да қайта жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Астана қаласының жаңа теміржол вокзалы салынады. Халықаралық мамандандырылған EXPO 2017 көрмесін өткізу Қазақстанға шамамен 1,2 млрд еуро тұрады. Олардың ішінде 250 млн инфрақұрылым мен коммуникациялар өткізуге, шамамен 1 миллиард еуро көрмеге – павильондар, қонақ үйлер мен ойын-сауық орталықтарына жұмсалады. Көрмеге Әлемнің 100 елінен 5 млн. адам келеді деп күтіледі.



Енді біздің алдымызда «ЭКСПО-2017» көрмесін лайықты деңгейде өткізу міндеті тұр. Бұл еліміз үшін емтихан ғана емес, көрме біздің жасампаз әлеуетімізді ашуға мүмкіндік береді. Астанада «ЭКСПО» көрмесін өткізу республикамыздың инновациялық дамуына серпін береді, - деп атап өтті Мемлекет басшысы.

